

**Қортынды емтихан бағдарламасы «Сөйлеу практикасы» 2024-2025
оқу жылына арналған**

Факультет: Шығыстану

Кафедра: Қытайтану

Мамандық коды мен атауы: «6В02302 Аударма ісі (шығыс
тілдері)», 2 курс,

Оқытушы: Қалиолла А.

Өткізу формасы: дәстүрлі- ауызша

Платформа: ИС Univer

Емтихан формасы – офлайн

Алматы 2024

Қорытынды бақылау ауызша емтихан түрінде жүреді. Оқитын шет тілінің негізгі құбылыстарын түсіну және заңдылықтарын білу. Сөйлеу, тындап түсіну, жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеуге дағдылану барысында тандап алынған материалдың маңыздылығы, ғылымның замануи деңгейіне сәйкестігі, толықтығы мен жеткіліктілігі, қиындығы, жүйелілігі мен кешендігі ескеріле отырып, негізгі мақсатқа – оқу үрдісі жетістіктерін жоспарланған шеберлік деңгейі мен дағды көлемімен салыстыруға көңіл бөлінді.

1.Қорытынды емтихан бағдарламасы

Жалпы сұрақтар төмендегі тақырыптарға сәйкес күрделілік деңгейі бойынша 3 топқа бөлінген: жеңіл, орташа, күрделі. Бірінші сұраққа 25 бал, екінші сұраққа 35 бал, үшінші сұраққа 40 бал.

Қорытынды емтиханға арналған тақырыптар:

1. Оқитын шет тіліндегі ақпаратты талдау және оған өз көзқарасын білдіру.
2. Сөз мағынасын түсіну және жеткізу.
3. Көп мағыналы сөздердің контекстік мағыналарын, терминдер мен лексикалық құрылымдарды ажырата білу.
4. Өз ойын шет тілінде ауызша дұрыс әрі дәлелді түрде тұжырымдау.
5. Сөйлеу барысында тіл құрылымының мағынасын ғылыми түрде құрастыру.
6. Шет тіліндегі ақпараттар негізінде, оқу зерттеу жобаларын ұйымдастыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. 发展汉语。中级口语。北京语言大学出版社。2017年
2. 中级写作教程。北京语言大学出版社。2018年
3. С.В.Шарко. Практический курс грамматики китайского языка. Нобель Пресс, 2019ж
4. 常用汉语部首。华语教学出版社。2017年
5. 初级口语。北京语言大学出版社。2016年

ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат

Емтихан оқытушы мен студенттерге алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Студент емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс. Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын өткізіп шыға беруге болады. Студенттің орындаған тапсырмасы белгіленіп, шифрлану арқылы альтернатив оқытушымен тексеріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру). «өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру; -«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру; -«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі

берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру;
-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар;
жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік;
сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.